«Бекітемін»
№78 мектеп-гимназия директоры
_____Ж.Жұмабекова
«01» 09 2021ж.

"Адал ұрпақ" клубының ережелер

Жалпы ережелер

1. Осы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі — Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

Тәрбие жұмыстың мақсаты және міндеттері

2.Осы Бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3.Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

- рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
- оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;
- оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
- оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

4.Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

- адамгершілік тәрбиелеу мораль дық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;
- әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;
- эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсінуін дамытуға бағытталған.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының анты:

«Адал Ұрпақ» еріктілер қатарына қабылдана отырып:
Қазақстан Республикасының патриоты болуға;
Өз отанымды, тілімді қастерлеуге;
Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;
Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
Білімге құштар болуға;
Салауатты өмір салтын ұстануға;
Абройлы, адал, әділетті болуға;

Өз бойымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстануға және оны өз достарымнан талап етуге, мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға. Отаныма шексіз қызмет етуге өз үлесімді қосуға салтанатты түрде ант етемін.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клуб мүшелерінің құрамы болуы шарт:
Клуб жетекшісі
Клуб мүшелері секция жетекшілері-

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясының жетекшісі
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясының жетекшісі
3. Мәдени көпшілік іс-шаралар секциясының жетекшісі болуы тиіс.



«Бекітемін»
№78 мектеп-гимназия директоры
_____Ж.Жұмабекова
«01» ____09_____2021ж

2021-2022 оқу жылына арналған «Адал ұрпақ» еріктілер клубының іс-шаралары жоспары

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Қатысушылар	Жауаптылар
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру	қыркүйек	Клуб мүшелері	Мектеп әкімшілігі
2	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту	қыркүйек	Клуб мүшелері	Қ.Еркінұлы
3	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жасау	Жыл бойы	Клуб мүшелері	Аға - тәлімгер
4	«Жемқорлыққа жол жоқ!»	қыркүйек	5-8 кл	Сынып жетекшілері
5	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу баршамызға ортақ міндет»	қыркүйек	9-11 кл	3-4-сынып жетекшілері
6	«Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан» ата-аналар жиналысын өткізу	қазан	9-11 кл	сынып жетекшісі
	«Қылмыс пен жаза» Лекция	Қараша	5-8 кл	5-8-сынып жетекшілері
7	«Сыбайластықтың, жемқорлықтың құқықбұзушылық картасы» сынып сағаты	Қаңтар	9-11 кл	Сынып жетекшілер
8	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам»	қыркүйек	9-11 сынып	Аға-тәлімгер
9	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында сурет байқауы	Қараша	5-6 кл	Сынып жетекшілер
10	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бопсалаудың алдын алу. Әңгіме сағаты	Наурыз	Әңгіме	Сынып жетекшілері
11	«Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауы	Сәуір	9-11 кл	Сынып жетекшілер

Адалдық клуб» алаңының жетекшісі Қ.Еркінбекұлы



«Бекітемін»
№78 мектеп-гимназия директоры
_____ К. Жангазакова
«01» 09 2023ж

2022-2023 оқу жылына арналған «Адал ұрпақ» еріктілер клубының іс-шаралары жоспары

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Өтілу форматы	Жауаптылар
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру	қыркүйек	Жиын	Мектеп әкімшілігі
2	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту	қыркүйек	Отырыс	Қ.Еркінұлы
3	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жасау	Жыл бойы	Стенд	Аға - тәлімгер
4	«Жемқорлыққа жол жоқ!»	қыркүйек	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері
5	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу баршамызға ортақ міндет»	қыркүйек	Сынып сағаты	3-4-сынып жетекшілері
6	«Қылмыс пен жаза»	Қыркүйек	Сынып сағаты	5-8-сынып жетекшілері
7	«Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан» ата-аналар жиналысын өткізу	қазан	Жиналыс	9-сынып жетекшісі
8	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам»	қыркүйек	Дебат	Аға-тәлімгер
9	«Құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың алдын алу» педагогикалық ұжыммен кездесу	Қазан	Кездесу	Мектеп әкімшілігі
10	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бопсалаудың алдын алу	Наурыз	Әңгіме	Сынып жетекшілері
11	«Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметшілермен кездесу	Желтоксан	Кездесу	Мектеп әкімшілігі
12	«Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет» дөңгелек үстелі	Қаңтар	Дөңгелек үстел	Аға-тәлімгер



«Бекітемін»
№78 мектеп-гимназия директоры
_____ К. Жангазакова
«01» 09 2023ж

2023-2024 оқу жылына арналған «Адал ұрпақ» еріктілер клубының іс-шаралары жоспары

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Өтілу форматы	Жауаптылар
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру	қыркүйек	Жиын	Мектеп әкімшілігі
2	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту	қыркүйек	Отырыс	М.Советқанова
3	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жасау	Жыл бойы	Стенд	Аға - тәлімгер
4	«Жемқорлыққа жол жоқ!»	қыркүйек	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері
5	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу баршамызға ортақ міндет»	қыркүйек	Сынып сағаты	3-4-сынып жетекшілері
6	«Қылмыс пен жаза»	Қыркүйек	Сынып сағаты	5-8-сынып жетекшілері
7	«Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан» ата-аналар жиналысын өткізу	қазан	Жиналыс	9-11-сынып жетекшісі
8	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам»	қыркүйек	Дебат	Аға-тәлімгер
9	«Құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың алдын алу» педагогикалық ұжыммен кездесу	Қазан	Кездесу	Мектеп әкімшілігі
10	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бопсалаудың алдын алу	Наурыз	Әңгіме	Сынып жетекшілері
11	«Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметшілермен кездесу	Желтоқсан	Кездесу	Мектеп әкімшілігі
12	«Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет» дөңгелек үстелі	Қаңтар	Дөңгелек үстел	Аға-тәлімгер

«Адалдық клуб» алаңының жетекшісі М.Советқанова

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» КММ

КГУ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА НУР-СУЛТАН

БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 1 қыркүйек
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 471-н/қ
город Нур-Султан

«Адал ұрпақ» еріктілер клубын құру және жұмыстары туралы

Рухани адамгершілік және азаматтық –патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген модельді іс-шаралар жоспарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Адал ұрпақ» клубының жұмысы жандандырылсын. Жауапты: тәрбие ісінің орынбасары Қ. Еркінбекұлы;

2.«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру , сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру. Жауапты: тәрбие ісінің орынбасары Қ. Еркінбекұлы;

3.«Парасатты азамат» бұрышын жаңарту жұмыстары жүргізілсін. Жауапты: тәрбие ісінің орынбасары Қ. Еркінұлы;

4.«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын жасақтау және негізгі міндеттерін белгілеу клуб жетекшісі. Қ. Еркінбекұлы жүктелсін;

5.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары орынбасары Қ. Еркінбекұлына жүктелінсін.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2023 жылғы 1 қыркүйек **№ 137-н/к**

«Адал ұрпақ» ерікті
мектеп клубын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру және қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту бойынша қосымша шаралар туралы» Жарлығының 2-тармағын басшылыққа алып, оқушыларды адалдыққа, шынайылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрамы бекітілсін (*тізім қосымша*).
2. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмысының жоспары бекітілсін.
3. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубына аға вожатый Советқанова М.С., жауапты тұлға болып тағайындалсын.
4. «Парасатты азамат» бұрышын жаңарту жұмыстарын өткізуге аға вожатый Советқанова М.С. және информатика пәнінің мұғалімі Эркинбекова С.А. жауапты тұлға болып тағайындалсын.
5. Аға вожатый Советқанова М.С. жыл ішінде өткізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізсін:
   - Сынып сағаттары, дөңгелек үстел, треннингтер.
6. «Құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылықтарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі» атты тақырыбында ата – аналар жиналысы өткізілсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.М.Омашеваға,А.Е.Сулейменоваға жүктелсін.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**

«Адал ұрпақ» ерікті клубының жұмысы

№78 мектеп-гимназиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралар және «Адал ұрпақ» ерікті клубының жұмысы.

Мектебімізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған іс-шаралар жоспар бойынша жүзеге асырылып жатыр. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық мемлекетті қоғамның дамуына тежеу болатын болашығына кесірін тигізетін індет. Осыған орай 2021 жылы 17 қыркүйекте бастап №152 бұйрық бойынша 5-10 сынып арасында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы өз жұмысын жалғастырды. Адал ұрпақ ұйымы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

Мақсаты: Мектебімізде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының құрылу мақсаты-шәкірттерімізге рухани адамгершілік және азаматтық — патриоттық тәрбие беру.Олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру болса, міндеті - мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту.

Осы уақыттан бері мектебімізде Адал ұрпақ ұймымы өз жұмысын жалғастыруда жемқорлыққа қарсы іс-шаралар адалдық сынып сағаттары жүргізілуде. Биылғы карантинге байланыста қашықтан оқыту барысында «Адал ұрпақ» клуб ұйымына қабылдау салтанаты онлайн түрде ZOOM-платформасы арқылы жүргізілді. Ант қабылдау рәсіміне мектеп директоры қатысты. Ұйымға 310 оқушы қабылданды. «Адал ұрпақ» клубының саны – 1 «Адал ұрпақ» клубы мүшесінің белсенділер саны –410 оның ішінде бастауыш сынып оқушылары-260, ал жоғарғы сынып оқушылары 250. Тұрақты негізде жұмыс істейтін адалдық дүкенінің саны – 1. Адал ұрпақ ұйымының жетекшісі мектептің тәрбие ісінің орынбасары Қ. Еркінұлы.

Әр оқу жылында қыркүйек ай мен сәуір айларында мектеп ұжымына «Заңсыз ақша жинауға тыйым салу» туралы бұйрықтар шығарылып тұрады. «Адал сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында мектеп қызметкерлерімен

жиналыс өтті. Мақсаты: «Сыбайлас жемқорлық-қоғамның және мемлекеттік қызметшіге артқан сенімін көтеру» пікірін негіздеу.

2021 жылы күні әлемдегі індетке байланысты іс-шаралар қашықтықтан өтті. «Біз пара бермейміз және алмаймыз» атты тақырыбында 5-10 сыныптар арасында видео челлендж жасалды.

2022 жылы 9-11 сынып жетекшілері сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық мәдениетті арттыру мәселелерін қосты. Ондағы мақсат жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істегенде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жүйесінің басты міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымда қалыптастыру болуы тиіс. Мектепте директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарлары мен аға тәлімгері мектеп психологтары оқушыларға тәртіппен адалдыққа шақыратын тренингтер үнемі жүргізіліп отыр. Мектеп басшысы ұжыммен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында үнемі жиналыстар өткізуде.

«Адалдық алаңы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлықтан жалпы бас тартуды қалыптастыру» тақырыбында дәріс

21 қазан 2023 жылы «Адалдық ұрпақ» клуб жетекшіс Қ. Еркінұлы 9-11 сынып оқушыларына «Адалдық алаңы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлықтан жалпы бас тартуды қалыптастыру» тақырыбында дәріс өткізді.

Іс-шараның мақсаты: Сыбайлас жемқорлық туралы жалпы мәліметтер беру, сыбайлас жемқорлықты алдын алу шаралары және болдырмау үшін қандай шараларды жасалу керектігін талқылу, студенттерде нақты азаматтық ұстанымды, патриотизмді қалыптастыру, сонымен қатар оқушылардың саяси сауаттылығын арттыру.

Дәріс барысында тақырыпқа байланысты презентация қойылды.

Нәтижесі: оқушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылып отырған шаралар бойынша пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар, алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге, сыбайлас жемқорлықты болдырмау шараларын қарастыруға ниеттерін білдірді. Қатысқан оқушы саны-241.

Директордың тәрбие ісінің орынбасары Қ.Еркінбекұлы

ADALDYQ ALAŃY











